



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 ақпандағы N 201 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 22 ақпандағы N 231

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының мұнайгаз саласына шетел инвестицияларын тарту туралы" Қазақстан Республикасы үкіметінің 1996 жылғы 14 ақпандағы N 201 Р960201_ қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтың бірінші абзацы "Экксон Сентрал Эйше Лимитед" фирмасымен келіссөз жүргізу және Негізгі принциптер туралы келісімге /НПК/ және басқа құжаттарға қол қою" сөздерінен кейін "сондай-ақ НПК және барлық басқа да келісімдер мен соған ілеспе құжаттарды келісуге және орындауға байланысты тиісті консультанттарды тарту" сөздерімен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі